

## Валюталық реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 14 сәуір N 2141-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.24. N 55-1 Заңымен. ~Z960055

Осы Заң Қазақстан Республикасы аумағында валюта операцияларын жүзеге асыру қағидаттарын, валюталық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, валюталық заңдарды бұзғандық үшін жауаптылықты белгілейді. Валюталық реттеу жүйесінің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есеп

айырысулар үшін белгіленген тәртіпті қолдау;

- Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы үшін нарықтық айырбас құнын әзірлеп, енгізу;

- ағындағы валюта операциялары бойынша айырбастылықты енгізу және сыртқы төлемдер мен түсімдер жасаудың тиісті тәртібін қамтамасыз ету болып табылады.

## I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы заңда қолданылатын ұғымдар мынадай мағына береді:

1. "Валюта" - заңды төлем қаражаттары ретінде мемлекеттер қабылдаған әртүрлі ақша бірліктері немесе құнның банкнот және теңге, оның ішінде қымбат металдардан жасалған (айналымнан алынған немесе алынып жатқан, бірақ айналымдағы ақша белгілеріне айырбастауға жататындарын қоса алғанда) түріндегі ресми стандарттары, сондай-ақ есепшоттардағы, оның ішінде халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі қаражаттар.

2. "Қазақстан Республикасының валютасы" - өз аумағында заңды төлем қаражаты ретінде қабылдауға міндетті ақша бірлігі.

3. "Шетел валютасы" - шет мемлекеттердің ақша бірліктері (заңды төлем қаражаттары).

4. "Айырбасталатын шетелдік валюта"- Қазақстан Республикасының Ұлттық

банкiсi (бұдан әрi - Ұлттық банк) жариялайтын айырбасқа қабiлеттi валюталар тiзiмiне кiретiн басқа мемлекеттiң валютасы.

#### 5. "Резиденттер":

а) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жерi бар, оның iшiнде уақытша шет елде жүрген нақты адамдар;

б) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылып, Қазақстан Республикасында орналасқан барлық заңды ұйымдар, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары мен өкiлдiктерi;

в) Қазақстан Республикасының шет елдердегi дипломатиялық, сауда және өзге ресми өкiлдiктерi, сондай-ақ заңды ұйым мәртебесi жоқ және шаруашылық немесе өзге коммерциялық қызметтi жүзеге асырмайтын өзге де өкiлдiктерi.

6. "Резидент еместер" - "резиденттер" ұғымында көрсетiлмеген Қазақстан Республикасындағы немесе шет елдегi барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдар, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкiлдiктерi.

#### 7. "Валюталық қазыналар":

а) валюта;

б) чектердi, вексельдердi, жол чектерiн, аккредитивтердi, депозитивтiк сертификаттарды, акцияларды, облигацияларды, жарна туралы куәлiктердi және басқаларды қоса алғанда, бiрақ тек осылар ғана емес, шетелдiк және ұлттық валюта түрiндегi бағалы қағаздар мен төлем құжаттары;

в) қымбат металдар - алтын, платина және платина тобының тiс дәрiгерлiк техникасында қолданылатыннан басқа құймалар, ескi шекiме теңгелер, шала өнiмдер түрiндегi металдары, сондай-ақ осы металдардан жасалған зергерлiк және басқа да тұрмыстық бұйымдардан басқа бұйымдар.

ЕСКЕРТУ. 7-бапқа өзгерiс енгiзiлдi - ҚР Президентiнiң 1995.04.21.

№ 2229 жарлығымен.

#### 8. "Валюта операциялары":

а) меншiк құқығының және өзге де құқықтардың валюталық қазыналарға көшуiне байланысты операциялар, оның iшiнде төлем қаражаты ретiнде шетелдiк валюталар мен шетелдiк валютадағы төлем құжаттарын пайдалануымен байланысты операциялар;

б) валюталық қазыналарды Қазақстан Республикасына әкелу және жөнелту, сондай-ақ кез келген әдiспен Қазақстан Республикасынан әкету және жөнелту;

в) халықаралық банк және почта аударымдарын жүзеге асыру.

#### 9. "Ағымдағы валюта операциялары":

а) тауарларды және көрсетiлетiн қызметтердi сыртқа шығару мен сырттан әкелу бойынша төлемдi кейiнге қалдырмай есеп айырысулар үшiн Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан аударымдар;

б) әкету-әкелу операцияларына 180 күннен аспайтын мерзiмге кредит

берумен байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру;  
в) 180 күннен аспайтын мерзімге қаржылай кредит беру және алу;  
г) салымдар, инвестициялар, заемдар және өзге де операциялар бойынша дивидендтерді, проценттерді және өзге де табыстарды аудару мен алу;  
д) Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасынан жалақы, зейнетақы, мұра, алименттер және басқалар сомасының аудандарын қоса алғанда , сауда сипатындағы емес аударымдар жасау.

10. "Капитал қозғалысына байланысты валюта операциялары":

а) тікелей инвестициялар (негізгі мақсаты заңды ұйымға тікелей немесе жанама бақылауды сатып алу болатын күрделі қаржы жұмсау);

б) портфельдік инвестициялар (негізгі мақсаты жұмсалған күрделі қаржыға табыс алу болып табылатын күрделі қаржы жұмсау);

в) қозғалмайтын мүліктерге мүліктік және өзге де құқықтарға төлемге қаржы а у д а р у ;

г) тауарларды және көрсетілетін қызметтерді сыртқа шығару мен сырттан әкелу бойынша төлемді 180 күн мерзімге кейінге қалдыруды беру және алу;

д) 180 күннен астам мерзімге қаржылай кредит беру және алу;

е) ағымдағы валюта операциялары болып табылмайтын барлық өзге валюта о п е р а ц и я л а р ы .

11. "Уәкілетті банкілер" - валюта операцияларын жүргізуге Ұлттық банкінің рұқсатын алған банкілер мен өзге де кредит беруші мекемелер.

12. "Айырбастау пункттері" - қолма-қол валютамен айырбас операцияларын жүзеге асыруға Ұлттық банкінің рұқсаты бар заңды ұйымдар.

13. "Валюталық реттеу" - қалыпты құжаттар әзірлеуді, ақпарат

жинауды, валюталық заңдардың сақталуын бақылауды және валюталық заңдарды бұзуға жол берген тараптарға жаза қолдануды қамтиды.

2-бап. Заңның қолданылу аясы

Осы Заң:

а) Қазақстан Республикасының валютасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында шетелдік валютамен операциялар бойынша есеп айырысулармен;

б) Қазақстан Республикасында орын алатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденттері шет елде жүргізетін валюта операцияларымен байланысты туындайтын қатынастарды реттеу үшін қолданылады.

II бөлім. ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ

### 3-бап. Мемлекеттік өкімет органдарының валюталық реттеу саласындағы өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті өз құзыреттері шегінде валюталық реттеу саласында осы Заң ережелеріне қайшы келмейтін қалыпты құжаттар қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес валюталық реттеу функциясын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының валюталық реттеу органдары болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2229 жарлығымен.

### 4-бап. Қазақстан Республикасында шетелдік валютамен жасалатын операциялар

1. Резиденттер арасындағы барлық шарттасулар мен операциялар Валюта операциялары туралы ережелерде көзделгеннен басқа жағдайларға тек Қазақстан Республикасының валютасымен жасалып, жүзеге асырылуы тиіс.

2. Резиденттер арасындағы есеп айырысулар Қазақстан Республикасының валютасымен шектеусіз жүзеге асырылады.

3. Резиденттер шетелдік валютаны Қазақстан Республикасының ішкі рыногында Ұлттық банк белгілеген тәртіп пен мақсатта сатып алуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасында шетелдік валютаны сатып алу мен сату Ұлттық банк белгілеген тәртіпте уәкілетті банкілер мен айырбастау пункттері арқылы жүргізіледі.

Шетелдік валютаны уәкілетті банкілер мен айырбастау пункттерін айналып өтіп сатып алу мен сатуға жол берілмейді.

5. Қазақстан Республикасы аумағында резиденттер мен резидент емес арасындағы есеп айырысу операциялары тараптардың келісімімен кез келген валютада Валюта операциялары туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

### 5-бап. Резиденттер мен резидент емес арасындағы банкілердегі есепшоттары

1. Резиденттердің уәкілетті банкілерде Ұлттық банк белгілеген тәртіппен шетелдік валютадағы есепшоттары болуы мүмкін. Егер осы заңды ұйым алған ұлттық банкінің рұқсатында өзгеше көзделмеген болса, резиденттер алатын

шетелдік валюта олардың уәкілетті банкілердегі есепшоттарына міндетті түрде е с е п к е а л у ғ а ж а т а д ы .

2. Ұлттық банкінің рұқсаты болған жағдайда шетелдік банкілерде резиденттердің шетелдік валютадағы есепшоттары болуы мүмкін.

3. Резидент еместердің уәкілетті банктерде ұлттық банк белгілеген тәртіппен шетелдік валютадағы және Қазақстан Республикасы валютасындағы е с е п ш о т т а р ы б о л у ы м ү м к і н .

6-бап. Валюталық қазыналардың шекара арқылы қозғалысы

1. Резиденттер немесе резидент еместер валюталық қазыналарды әкелуді ш е к т е у с і з ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Әкелінетін валюта, осы құндылықтардың Ұлттық банк белгілейтін ең аз мөлшерінен артқан жағдайда, кеденде декларациялауға жатады.

3. Резиденттер шетелдік валютаны Ұлттық банк белгілеген ережелерге сәйкес ә к е т е а л а д ы .

4. Резидент еместердің валютаны әкетуі әкелген кезде жасалған мәлімдеуге сәйкес жүргізіледі. Әкелген кездегі мәлімдеуде көрсетілген сомандан асып кеткен жағдайда тарап әкетіліп бара жатқан соманың заңдылығын растап уәкілетті банкі б е р г е н қ ұ ж а т т ы к ө р с е т у і т и і с .

5. Ұлттық валюта түріндегі бағалы қағаздарды әкелу мен әкету Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы белгілейтін т ә р т і п п е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

6. Ұлттық және шетелдік валюта түріндегі валюталардан немесе бағалы қағаздардан басқа валюталық құндылықтарды әкелу мен әкету Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгеріс енгізілді және толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2229 жарлығымен.

7-бап. Жүргізген кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінде алдын ала тіркеу талап етілетін операциялар

Ұлттық банкіде алдын ала тіркеу мына операцияларды жүргізген кезде талап е т і л е д і :

- капиталдың қозғалысымен байланысты, Қазақстан Республикасының валютасын, шет ел валютасын, шет ел валютасы түріндегі бағалы қағаздарды, шет ел валютасы түріндегі төлем құжаттарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар. Шет ел инвестицияларымен байланысты операциялар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қабылдайтын жеке қалыпты қ ұ ж а т п е н р е т т е л е д і .

- шет елде резиденттердің шетелдік валютамен несиелер және кредиттер  
б е р у і м е н а л у ы .

ЕСКЕРТУ. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.04.21.  
N 2229 жарлығымен .

7-1-бап. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар  
жөніндегі ұлттық комиссиясында алдын-ала  
тіркеу талап етіліп жасалатын операциялар  
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық

комиссиясында алдын-ала тіркелу мынадай операцияларды жасаған  
кезде талап етіледі:

- капиталдың қозғалысымен байланысты Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы эмиссиясын тіркеген  
бағалы қағаздар қолданылып жүзеге асырылатын операциялар;

- Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясы Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа рұқсат еткен  
бағалы қағаздар қолданылатын операциялар.

ЕСКЕРТУ. Заң жаңа 7-1-баппен толықтырылды - ҚР Президентінің  
1995.04.21. N 2229 жарлығымен.

### III бөлім. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЙЫРБАС ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

8-бап. Айырбас құны

1. Қазақстан Республикасы валютасының шет мемлекеттер ақша бірліктеріне  
шаққандағы құнын нарықтық валюта айырбастау операциялары негізінде Ұлттық  
банк анықтап, баспасөзде жарияланады.

2. Қазақстан Республикасының валютасына бағаналы шетелдік валютаны  
сату және сатып алу үшін айырбас құнын сатып алушы мен сатушы өздері  
б е л г і л е й д і .

9-бап. Айырбас операциялары

1. Өз есепшоттары бойынша жүргізілетін айырбас операцияларына қатысты  
әрбір уәкілетті банк шетелдік валюта жөніндегі өз жағдайын негізге ала отырып,

шетелдік валютаны Қазақстан Республикасында да, шет елде де еркін сатып алады және сата алады.

2. Шетелдік валютаны сатып алу-сату жөніндегі операцияларды уәкілетті банкілер мен айырбастау пункттері ғана жүзеге асырады.

3. Уәкілетті банкілер шетелдік валютаны сатып алу-сату жөніндегі операцияларды Ұлттық банк арқылы да жүзеге асыра алады.

4. Уәкілетті банкілер мен айырбастау пункттерін айналып өтіп, Ұлттық банкінің рұқсатынсыз шетелдік валютаны сатып алу мен сатуға жол берілмейді.

#### 10-бап. Шетелдік валютаны сатып алу

1. Шетелдік валюта Ұлттық банк белгілеген тәртіппен шет елде немесе Қазақстан Республикасында ағымдағы валюта операцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда әрбір резиденттің Қазақстан Республикасы валютасының баламалы сомасына шетелдік валюта сатып алуға қақысы бар.

2. Қазақстан Республикасында шетелдік валюта үшін төлем кезінде пайдаланылатын қаражат резидент еместің Ұлттық банк белгілеген есепшоттар режиміне сәйкес Қазақстан Республикасындағы резиденттен алған ағымдағы төлемнен келтірген табысы болып табылған жағдайда, оның шетелдік валюта сатып алуға құқығы бар.

#### 11-бап. Шетелдік валютаны сату

1. Резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасында Ұлттық банк белгілеген тәртіппен уәкілетті банкілер және айырбастау пункттері арқылы Қазақстан Республикасы валютасының баламалы сомасына айырбасқа шетелдік валюта сатуға құқығы бар.

2. Шет елден немесе Қазақстан Республикасындағы резидент еместен валюталық түсім алатын әрбір резидент шетелдік валютада алған сомасын уәкілетті банкінің валюталық есепшотына салып, Ұлттық банкінің рұқсаты болған ретте шет елде ағымдағы төлемдер үшін өз билігінде ұстап отырғаннан басқа жағдайларда, осы сияқты кез келген түсімнен шетелдік валютада келтірген табысының сомасын Ұлттық банк белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы валютасының баламалы сомасына айырбасқа сатады.

### IV бөлім. СЫРТҚЫ ТӨЛЕМДЕР ТӘРТІБІ

#### 12-бап Ағымдағы төлемдер және табыстарды аудару

1. Резиденттер мен резидент еместер арасында ағымдағы валюта операциялары жүзеге асыру шектеусіз жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының валютасымен, шет ел валютасымен

жасалатын ағымдағы операциялар және капиталдың қозғалысымен байланысты, Қазақстан Республикасының валютасы, шет ел валютасы, шет ел валютасы түріндегі бағалы қағаздар пайдаланылатын операциялар Ұлттық Банк дүниежүзілік практиканы ескере отырып белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады .

3. Бағалы қағаздарды төлем құжаттары ретінде пайдалану Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының келісуімен, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың нормаларын және дүниежүзілік практиканы ескере отырып белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады .

ЕСКЕРТУ. 12-бапқа өзгеріс енгізілді және 3-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.04.21. N 2229 ж а р л ы ғ ы м е н .

### 13-бап. Шет елдегі есепшоттар

1. Уәкілетті банкілердің өз есепшоттары да, резиденттер мен резидент емес есепшоттары да бойынша жүргізілетін операциялар үшін шетелдік банкілерде қатынас есепшоттары болуы мүмкін.

2. Ұлттық банк шет елдегі есепшоттар арқылы жүзеге асырылатын төлемдер мен түсімдер жөнінде Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау үшін қажет деп есептейтін кез келген ақпаратты талап ете алады.

### 14-бап. Тауарларды, көрсетілетін қызметтер мен капиталды сыртқа шығару шарттарын төлеу жағдайы

1. Қазақстан Республикасынан тауарларды, көрсетілетін қызметтер мен капиталды сыртқа шығару үшін төлемдер алушы банк ретінде уәкілетті банкілердің бірі арқылы сыртқа шығару табысын аудару жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Алушы сыртқа шығару табысы ретінде шетелдік валютаны алған

бойда осы Заңның 11-бабына сәйкес бұл қаражатты уәкілетті банкілер арқылы аударуы тиіс.

3. Ұлттық банк сыртқа шығару операциясының валютасы осы баптың 1-бөлігіне сәйкес айырбасталатын валюта болсын деген ұйғарым беруі мүмкін.

## V бөлім. УӘКІЛЕТТІ БАНКІЛЕР МЕН АЙЫРБАСТАУ ПУНКТТЕРІНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР БЕРУ



## 15-бап. Лицензия беру

1. Техникалық және біліктілік талаптар сақталған жағдайда, сондай-ақ ұйымдық құрылымдар болған ретте Ұлттық банк шетелдік валютамен операциялар жасау құқығына лицензия мынадай субъектілерге:

- а) уәкілетті банк ретінде кез келген банкіге;
- б) айырбастау пункті ретінде кез келген заңды ұйымға береді.

2. Уәкілеттік банк мәртебесін алу үшін банкілерге қажетті

жарғылық қордың ең аз мөлшерін Ұлттық банк белгілейді.

3. Ұлттық банк уәкілетті банкілер тізбесін жүргізіп, оны баспасөзде жариялайды.

## 16-бап. Лицензияларды шектеу және қайтып алу

Егер уәкілетті банк немесе айырбастау пункті өздері лицензия алған шарттарды орындамайтын болса, Ұлттық банк шетелдік валютамен операциялар жүргізу құқығын шектеуі немесе бұл құқықты толық жою мүмкін.

## VI бөлім. ЕСЕП БЕРУ. ВАЛЮТАЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

### 17-бап. Валюта операциялары туралы есеп беру және ақпарат табыс ету

1. Валюта операциялары жөнінде есеп жүргізудің және есеп берудің тәртібі мен түрлерін Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша Ұлттық банк және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен белгілейді, олар Қазақстан Республикасында барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың орындауы үшін міндетті.

2. Қазақстан Республикасындағы барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдар Ұлттық банк пен уәкілетті банкіге осы Заңның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларға қажетті ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті, олар жария е т у г е ж а т п а й д ы .

ЕСКЕРТУ. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің  
1995.04.21. N 2229 жарлығымен.

18-бап. Валюталық заңдарды бұзғандық үшін жауаптылық  
Валюталық заңдарды бұзуға кінәлі заңды ұйым-резиденттердің, оның ішінде  
уәкілетті банкілердің лауазымды адамдары, сондай-ақ нақты адамдар Қазақстан  
Республикасының Қылмыстық және азаматтық заңдарының қалыптарына сәйкес  
ж а у а п т ы б о л а д ы .

19-бап. Халықаралық міндеттемелерді орындау  
Халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан  
Республикасының Президенті кез келген валюта операцияларын шектеу немесе  
тоқтату жөнінде Ұлттық банктің орындауы үшін міндетті шешім қабылдауға  
қ ұ қ ы л ы .

20 - б а п . С ы р т қ ы қ а р ы з

1. Жыл сайын Қазақстан Республикасының республикалық бюджетін бекітер  
кезде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасы  
сыртқы қарызының ең жоғары шегін және Қазақстан Республикасы сыртқы  
қарызға беретін кепілінің (егемен кепілінің) ең жоғары шегін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдар  
Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасындағы басқа қарыз  
алушыларға Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін қарыздар туралы  
бекітілген мөлшер шегінде келіссөздер жүргізу және халықаралық шарттарға қол  
қою өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне немесе  
өзге уәкілетті органға беруге Қазақстан Республикасы Президентінің құқығы бар.

Мұндай тәртіп Қазақстан Республикасының кепілдігімен  
алынатын өзге де қарыздарға қолданылады.

21-бап. Дауларды шешу тәртібі

Валюталық қатынастар субъектілері арасында валюталық реттеу  
саласында пайда болатын даулардың бәрі Қазақстан Республикасының  
заңдары мен халықаралық шарттарға сәйкес сот тәртібінен шешіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК